

2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 қыркүйектегі № 192 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 қыркүйекте № 5971 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және “Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жалағаш ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. “2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 ақпандағы № 36 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5744 болып тіркелген, 2017 жылғы 11 наурызда “Жалағаш жаршысы” газетінде және 2017 жылғы 17 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жалағаш ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

Т. Дүйсебаев

Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14
қыркүйектегі №192 қаулысына қосымша

Жалағаш ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 13.12.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2017 жылғы 1 қазаннан бастап пайда болған қатынастарға таралады)

№	Мек-теп-ке дей-ін-гі тәр-бие және оқы-ту ұй-ым-да-ры-ның әкім-шілік-аумақ-тық ор-на-ла-суы (аудан)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны				
		Ба-ла-бақ-ша (бө-бек-жай-бақ-ша)	Мек-теп жа-нын-да-ғы то-лық күн-дік ша-ғын-ор-та-лық-тар	Мек-теп жа-нын-да-ғы жар-ты күн-дік ша-ғын-ор-та-лық-тар	Дер-бес то-лық күн-дік ша-ғын-ор-та-лық-тар	Дер-бес жар-ты күн-дік ша-ғын-ор-та-лық-тар
1	2	3	4	5	6	7
1	Жа-ла-ғаш ауда-ны	1145	300	0	0	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК